



«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ

**ХҚЕС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілікке» сәйкес
қысқартылған аралық қаржылық ақпарат**

2021 жылғы 30 маусым

Мазмұны

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ШОЛУ БОЙЫНША ЕСЕБІ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТ

Қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық есептілік.....	1
Пайдалар немесе залалдар және өзге жиынтық табыстар туралы қысқартылған аралық есептілік.....	2
Меншікті капиталдағы өзгертулер туралы қысқартылған аралық есептілік.....	3
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы қысқартылған аралық есептілік.....	4

Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелер:

1 Кіріспе.....	5
2 Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта.....	5
3 Есеп саясаты қағидаттарын қысқаша баяндау.....	6
4 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттарға көшу.....	7
5 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар.....	7
6 Ақша қаражаты және оның баламалары.....	11
7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат.....	13
8 Борыштық құнды қағаздарға арналған инвестициялар.....	19
9 Өзге активтер.....	23
10 Қарыз қаражаты.....	24
11 Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер.....	25
12 Келешек кезеңдердің табыстары мен несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв.....	25
13 Өзге міндеттемелер.....	26
14 Акционерлік капитал.....	26
15 Пайыздық табыстар мен шығындар.....	27
16 Таза комиссиялық табыстар.....	27
17 Амортизацияланған құны бойынша бағаланған қаржы активтерін мойындауды тоқтатудан туындаған шығындарды шегергендегі табыстар.....	28
18 Пайдаға салынатын салық.....	28
19 Сегменттік талдау.....	28
20 Шартты және келісімді міндеттемелер.....	33
21 Қаржылық тәуекелдерді басқару.....	38
22 Өділ құн туралы ақпаратты ашу.....	44
23 Байланысты тараптармен орындалатын операциялар.....	47
24 Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі жағдайлар.....	50



Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа шолу бойынша есеп

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Акционеріне, Директорлар Кеңесіне және Басқармасына:

Алғысөз

Біз «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның (әрі қарай – «Қор») 2021 жылғы 30 маусымдағы қаржылық жағдайы туралы қысқартылған аралық есептілігіне және сәйкесінше аталған мерзімде аяқталған алты ай кезеңіндегі пайдалар немесе залалдар және өзге жиынтық табыстар, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы және ақшалай қаражатының қозғалысы туралы есептіліктеріне және тиісті түсініктеме ақпаратқа шолу жүргіздік. Басшылық аталған қысқартылған аралық қаржы ақпаратын «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) 34 сәйкес дайындауға және ұсынуға жауапты. Біздің міндетіміз бізбен өткізіген шолып тексеру негізінде аталған қысқартылған аралық қаржылық ақпараты бойынша қорытынды ұсыну болып табылады.

Шолып тексерудің көлемі

Біз шолуымызды «Мекеменің тәуелсіз аудитормен орындалған аралық қаржылық ақпараттарына шолу» 2410 Халықаралық шолу өткізу стандартына сәйкес өткіздік. Қысқартылған аралық қаржы ақпаратына шолу негізінен қаржы және бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сауалнама жүргізуден, сонымен қатар шолу бойынша аналитикалық және өзге рәсімдерді өткізуден тұрады. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандарттарға сәйкес орындалатын аудит көлемінен айтарлықтай аз, сондықтан шолу аудит өткізу барысында барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуға мүмкіндік бермейді. Сол себепті біз өзіміздің аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

Қорытынды

Өткізілген шолу нәтижелері бойынша, ұсынылған қысқартылған аралық қаржылық ақпарат, барлық маңызды аспектілерінде, «Аралық қаржы есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (ХҚЕС) 34 сәйкес дайындалмағандығын сендіретін ешқандай негіздер біздің назарымызға түспеді.

PricewaterhouseCoopers LLP.

2 тамыз 2021 жыл

Алматы, Қазақстан

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
Әл-Фараби даң., 34, ғимарат А, 4 қабат, Алматы, Қазақстан, A25D5F6
Т: +7 (727) 330 32 00, Ф: +7 (727) 244 68 68, www.pwc.kz

© 2021 PwC. Барлық құқықтар сақталған. PwC-дің рұқсатынсыз әрі қарай таратуға тыйым салынады. «PwC» дегеніміз - ПрайсуотерхаусКуперс Интернешнл Лимитед (PwCIL) мүшелерінің, немесе мағынасына сәйкес PwC желісінің жеке мүше фирмаларының желісі. Әр компания жеке заңды тұлға болып табылады және PwCIL немесе басқа мүше компанияның агенті ретінде әрекет етпейді. PwCIL клиенттерге қызмет көрсетпейді. PwCIL қатысушы компаниялардың кез-келгенінің әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін жауап бермейді және олардың кәсіби қызметін бақыламайды және ешқандай жағдайда олардың әрекеттерін шектемейді. Қатысушы компаниялардың ешқайсысы кез-келген басқа қатысушы компанияның әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін жауап бермейді және олардың кәсіби қызметін бақыламайды және ешқандай жағдайда олардың әрекеттерін шектемейді.

«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ

Пайдалар немесе залалдар және өзге жиынтық табыстар туралы қысқартылған аралық есептілік

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Еск.	Аяқталған алты ай	
		2021 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2020 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген, алынған пайыздық табыстар	15	11,935,079	12,112,664
Өзге ұқсас табыстар	15	89,454	83,087
Пайыздық шығындар	15	(3,553,021)	(5,610,737)
Таза пайыздық маржа және осыған ұқсас табыстар		8,471,512	6,585,014
Несиелік залал бойынша бағалау резервін құру	7	(146,793)	(1,273,028)
Несиелік портфельдің құнсыздануы бойынша резерв құрылғаннан кейінгі таза пайыздық табыстар		8,324,719	5,311,986
Таза комиссиялық табыстар	16	7,463,779	2,191,975
Амортизацияланған құны бойынша бағаланған қаржы активтерін мойындауды тоқтатудан туындаған шығындарды шегергендегі табыстар	17	4,375,005	2,955,450
Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын құнды қағаздармен операциялар бойынша шығындарды шегергендегі табыстар		56,683	42,431
Шетел валютасымен операциялар бойынша шығындарды шегергендегі табыстар		(86)	1,822
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығындарды шегергендегі табыстар		52,005	198,275
Нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша активтерді бастапқы мойындау кезінде туындайтын шығындар		-	(82,300)
(Резервке аударымдар)/өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздардың құнсыздануына резервті қалпына келтіру		(1,629)	159
Өзге активтердің құнсыздануына резервке аударымдар		(11,916)	(46,250)
Несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервті қалпына келтіру/ (резервке аударымдар)	20	154,152	(1,902,164)
Өзге операциялық табыстар		51,063	46,891
Қор бағдарламаларын іске асыру бойынша шығындар		(328,511)	(205,915)
Жалпы және әкімшілік шығындар		(2,343,826)	(2,075,311)
Сылақ салуға дейінгі пайда		17,791,438	6,437,049
Пайдаға салынатын салық бойынша шығындар	18	(3,539,677)	(944,489)
Кезең ішіндегі пайда		14,251,761	5,492,560
Өзге жиынтық табыс:			
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялар:			
- кезең ішіндегі табыстарды шегергендегі шығындар		22,572	(17,864)
Өзге жиынтық шығын		22,572	(17,864)
Кезең ішіндегі жиынтық табыс жиыны		14,274,333	5,474,696

Екі аралық кезең ішіндегі пайда мен жиынтық табыстың жалпы сомасы толықтай Қордың акционеріне тиесілі.

**«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық есептілік**

	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын құнды қағаздарды қайта бағалау қоры	Өзге резервтер	Бөлінбеген кіріс/(шығын)	Жиыны
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>						
2020 ж. 1 қаңтарға қалдық	72,920,273	10,735,627	132,723	316,430	2,030,915	86,135,968
Кезең ішіндегі пайда (аудиттелмеген)	-	-	-	-	5,492,560	5,492,560
Өзге жиынтық табыс (аудиттелмеген)	-	-	(17,864)	-	-	(17,864)
Жиыны 2020 ж. 30 маусымда аяқталған алты айдағы жиынтық табыс (аудиттелмеген)	-	-	(17,864)	-	5,492,560	5,474,696
Капиталға жарналар (аудиттелмеген)	20,000,000	-	-	-	-	20,000,000
Жарияланған дивидендтер (аудиттелмеген)	-	-	-	-	(1,141,243)	(1,141,243)
2020 ж. 30 маусымға қалдық (аудиттелмеген)	92,920,273	10,735,627	114,859	316,430	6,382,232	110,469,421
2021 жылғы 1 қаңтарға қалдық	102,920,273	10,735,627	47,581	316,430	5,652,551	119,672,462
Кезең ішіндегі пайда (аудиттелмеген)	-	-	-	-	14,251,761	14,251,761
Өзге жиынтық шығын (аудиттелмеген)	-	-	22,572	-	-	22,572
2021 ж. 30 маусымда аяқталған алты айдағы жиынтық табыс (аудиттелмеген) жиыны	-	-	22,572	-	14,251,761	14,274,333
Жарияланған дивидендтер (аудиттелмеген)	-	-	-	-	(3,334,015)	(3,334,015)
2021 ж. 30 маусымға қалдық (аудиттелмеген)	102,920,273	10,735,627	70,153	316,430	16,570,297	130,612,780

«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы қысқартылған аралық есептілік

	Аяқталған алты ай	
	2021 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2020 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>		
Операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражат		
Алынған пайыздар	8,089,640	8,939,762
Төленген пайыздар	(706,347)	(2,991,922)
Алынған комиссиялар	21,371,703	7,831,098
Төленген комиссиялар	(35,478)	(31,118)
Өзге операциялық қызметтен келетін түсімдер	55,822	25,395
Еңбекақы төлеу бойынша шығындар, төленген	(1,327,110)	(1,279,016)
Жалпы және әкімшілік шығындар, төленген	(1,407,827)	(1,491,094)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгертулерге дейін операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражат	26,040,403	11,003,105
<i>Келесілер бойынша таза кему/өсім):</i>		
- басқа қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша	22,823,265	(6,837,717)
- клиенттерге берілетін несиелер және алғытөлемдер бойынша	24,542	(7,323)
- өзге қаржы активтері бойынша	626,658	-
- өзге активтер бойынша	34,579	194,008
<i>Келесілер бойынша таза өсім/(кему):</i>		
- өзге қаржылық міндеттемелер бойынша	6,160,006	37,938,091
- өзге міндеттемелер бойынша	(16,244)	8,196
Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражат	55,693,209	42,298,360
Инвестициялық қызметтен алынған ақшалай қаражат		
Инвестициялық құнды қағаздар сатып алу	(42,092,776)	(10,237,293)
Инвестициялық құнды қағаздарды өткізуден және өтеуден түскен түсімдер	23,668,520	3,105,052
Негізгі қаражатты сатып алу	(1,908)	(114,335)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(44,800)	(5,768)
Сатуға арналған активтерді шығарудан түскен түсім	413,764	47,959
Инвестициялық қызметте қолданылған таза ақшалай қаражат	(18,057,200)	(7,204,385)
Қаржылық қызметтен алынған ақшалай қаражат:		
Қарыз қаражатының түсімі	800,000	4,825,113
Қарыз қаражатын өтеу	(7,485,350)	(11,017,586)
Акционерлер капиталға енгізген жарналар	-	20,000,000
Төленген дивидендтер	(3,334,015)	(1,141,243)
Ұзақ мерзімді жалдау	(65,157)	-
Қаржылық қызметте пайдаланылған/ қаржылық қызметтен алынған таза ақшалай қаражат	(10,084,522)	12,666,284
Күші жойылған бағам өзгертулерінің ақшалай қаражат пен оның баламаларына әсері	(73)	243,524
Қамтамасыз етуге арналған резерв өзгертулерінің ақшалай қаражат пен оның баламаларына әсері	233	87
Ақшалай қаражат пен оның баламаларының таза өсімі	27,551,647	48,003,870
Кезең басындағы ақша қаражаты және оның баламалары	6	87,151,266
Кезең соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары	114,702,913	88,775,660

1 Кіріспе

Осы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның (бұдан әрі - «Қор») қысқартылған аралық қаржылық ақпараты 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін 34 «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) сәйкес дайындалды.

Қор Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі №665 Қаулысына сәйкес құрылған. Қор Қазақстан Республикасының аумағында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды қолдау жөніндегі даму институты ретінде қаржылық қызметтер көрсететін акционерлік компания ретінде тіркелген және өз қызметін жүзеге асырады.

2021 жылғы 30 маусымдағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың 100% акционері «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі - «Жалғыз Акционер») болып табылады. Қордың соңғы акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Байланысты тараптармен орындалатын операциялар туралы ақпарат 23-ескертпеде ашып көрсетілген.

Негізгі қызметі

Қордың негізгі қызметі – екінші деңгейдегі Банктер, микроқаржы ұйымдары және лизингтік компаниялар арқылы несие беру бағдарламалары шеңберінде қаржыландыру, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, кепілдік беру, консультациялық қолдау, ақпараттық-талдамалық материалдарды тарату. Қор Қазақстандағы шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін меншікті және Қарыз қаражатын пайдаланады.

Қордың 17 аймақтық филиалы бар. Бас кеңсесі Қазақстанда, Алматы қаласында орналасқан.

Заңды мекенжайы және шаруашылық қызметті жүргізу орны

Қор келесі мекен-жай бойынша тіркелген: Қазақстан Республикасы, Алматы, Гоголь көшесі, 111.

Есептілікті ұсыну валютасы

Егер басқаша көрсетілмесе, осы қысқартылған қаржылық ақпарат қазақстандық теңгемен көрсетіледі.

2 Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

Қазақстан Республикасы

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамып келе жатқан нарықтарға тән кейбір өзіндік ерекшеліктерді көрсетуін жалғастыруда. Ол ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай, газ және өзге минералдық шикізат бағаларының ауытқуларына ерекше сезімтал. Бұл ерекшеліктер сонымен қатар елден тыс жерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуын және құнды қағаздар нарығы өтімділігінің төмен деңгейін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Аймақта сақталып отырған саяси шиеленіс, айырбас бағамының құбылмалылығы өтімділіктің кемуін және халықаралық қаржыландыруды тартудағы қиындықтардың туындауын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсерін тигізді және одан әрі көрсете беруі мүмкін.

2015 жылғы 20 тамызда Ұлттық банк пен Қазақстан Республикасының Үкіметі теңгенің айырбас бағамын қолдауды тоқтату және инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-несие саясатын іске асыру, валюталық дәлізді жою және еркін құбылмалы айырбас бағамына көшу туралы шешім қабылдады. Бұл ретте Ұлттық банктің айырбас бағамына қатысты саясаты қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін теңгенің айырбас бағамының күрт ауытқуын болдырмау үшін интервенцияларға жол береді.

Осы есеп беру күніндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми айырбастау бағамы 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 427.79 теңгемен (2020 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 420.71 теңге) салыстырғанда, 1 АҚШ доллары үшін 424.44 теңгені құрады. Осылайша, теңгенің айырбас бағамына және Ұлттық банк пен Үкіметтің болашақтағы іс-қимылдарына, сондай-ақ осы факторлардың Қазақстан Республикасының экономикасына әсеріне қатысты белгісіздік сақталып отыр.

2 Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта (жалғасы)

2021 жылғы наурызда S & P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстанның шетелдік және ұлттық валютадағы міндеттемелері бойынша ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді тәуелсіз рейтингтерін «BBB-/A-3» деңгейінде, ал ұлттық шәкіл бойынша рейтингін – «KzAAA» деңгейінде растады. Несие рейтингтерінің өзгеру болжамы «тұрақты». Тұрақты болжам Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына қосымша түсімдер есебінен қалыптастырылған оң баланстық көрсеткіштердің, жиынтық көлемі екі жыл ішінде мемлекеттің сыртқы өтімді активтерінен аспайтын жоғары емес мемлекеттік борыштың болуымен расталады. Мұнайдың төмен бағасы, ОПЕК келісіміне байланысты оны өндірудің қысқаруы және COVID-19 тежеу жөніндегі шаралардың салдары 2020 жылы Қазақстан экономикасына қолайсыз әсер етті, алайда 2021 жылы экономикалық өсудің қалпына келуі болжануда, ол 2021-2022 жылдары орта есеппен 4%-ды құрайды.

2021 жылдың бірінші жартысында Қазақстан экономикасы пандемиядан кейін көп жағдайда үй шаруашылықтарының шығындары мен мемлекеттік инвестициялардың ұлғаюы есебінен қалпына келе бастады. Бұған әлемдік экономиканың қалпына келуі және әлемдік тауар нарықтарындағы жоғары бағалар да ықпал етті. Алайда, Қазақстандағы және бүкіл әлемдегі кейбір нарықтардағы бағалар да экономиканың қалпына келуіне жауап ретінде өсуде, бұл Қазақстандағы инфляцияға ықпал етеді. Басшылық Қордың тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдап отыр. Алайда, қалыптасқан экономикалық жағдайдың келешек салдарын болжау қиын, басшылықтың ағымдағы күтулері мен бағалары нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін.

Күтілетін несиелік залалдарды бағалау үшін, Қор макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамдарын қоса алғанда, расталатын болжамды ақпаратты пайдаланады. Алайда, кез-келген экономикалық болжамдардағыдай, болжамдар мен оларды жүзеге асыру ықтималдығы сөзсіз белгісіздіктің жоғары деңгейімен байланысты, сондықтан нақты нәтижелер болжанғаннан айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. 5-ескертпеде Қордың күтілетін несиелік залалдар моделіндегі болжамды ақпаратты қалай қамтитыны туралы қосымша ақпарат берілген.

2020 жылғы наурызда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (ҚЕХС жөніндегі кеңес) өзінің әдістемелік материалдарында ҚЕХС (IFRS) 9 сәйкес күтілетін несиелік залалдарды есептеуге COVID-19 әсерін айқындау кезінде, әсіресе келешек макроэкономикалық жағдайларды бағалау кезінде, қазіргі елеулі белгісіздікті ескере отырып, тиісті пайымдауларды қолдану қажет екенін атап өтті. Нашарлап отырған экономикалық болжамдар қазірдің өзінде күтілетін несиелік залалдардың өсуіне және, демек, шығынның үлкен құбылмалылығына алып келді және, тәрізі, алып келетін де болады.

3 Есеп саясаты қағидаттарын қысқаша баяндау

Есеп беру негіздері

Осы қысқартылған аралық қаржылық ақпарат «Аралық қаржылық есептілік» 34 ХҚЕС (IAS) сәйкес дайындалды және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалған, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың жылдық қаржылық есептілігімен бірлесіп қаралуға тиіс.

Егер төменде өзгеше көрсетілмесе, осы қысқартылған аралық қаржылық ақпаратты жасау кезінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың жылдық қаржылық есептілігін жасау кезіндегідей есепке алу қағидалары мен есептеу әдістері қолданылды.

Аралық кезеңдегі салықты есептеу

Аралық кезең ішіндегі пайдаға салынатын салық бойынша шығындар күтілетін жиынтық жылдық пайдаға қолданылатын салықтың тиімді мөлшерлемесі бойынша, яғни аралық кезең үшін салық шегерілгенге дейін пайдаға қолданылатын пайдаға салынатын салықтың орташа өлшемді жылдық тиімді мөлшерлемесі бойынша есептеледі.

4 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттарға көшу

Жаңа стандарттар мен түсіндірулер. Төменде келтірілген қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулер Қор үшін 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті болды, бірақ Қорға айтарлықтай әсерін тигізген жоқ:

- «Сақтандыру шарттары» 17 ХҚЕС (IFRS) (2017 жылғы 18 мамырда шығарылды және 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС (IFRS) 17 түзетулер және ХҚЕС (IFRS) 4 түзетулер (2020 ж. 25 маусымда шығарылды және 2023 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 түзетулер – «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелердегі активтерді сату немесе жарна енгізу» (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылған және ХҚЕС жөніндегі кеңес айқындайтын күні немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді деп жіктеу - ХҚЕС (IAS) 1 түзетулер (2020 жылғы 23 қаңтарда шығарылды және 2022 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейін жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді деп жіктеу – күшіне ену күнін ауыстыру - ХҚЕС (IAS) 1 түзету (2020 жылғы 15 шілдеде шығарылды және 2023 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді).
- «Нысаналы пайдалану басталғанға дейін алынған кіріс», «Ауыртпалықты шарттар – Шартты орындауға арналған шығындар», «Тұжырымдамалық негіздерге сілтеме» – ХҚЕС (IAS) 16, ХҚЕС (IAS) 37 және ХҚЕС (IFRS) 3–ке шектеулі қолданылу саласы бар түзетулер және 2018-2020 жылдардағы ХҚЕС (IFRS) 1, ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IFRS) 16 және ХҚЕС (IAS) 41 (IAS) түзетулер 2020 ж. 14 мамырда шығарылды және 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Базалық пайыздық мөлшерлеме (IBOR) реформасы – ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IAS) 39, ХҚЕС (IFRS) 7, ХҚЕС (IFRS) 4 және ХҚЕС (IFRS) 16 түзетулер – 2-кезең (2020 ж. 27 тамызда шығарылды және 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді).

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың соңғы жылдық қаржылық есептілігінде ақпаратты ашуға ақпарат енгізілмеген өзге жаңа стандарттар мен түсіндірмелер шықпады және күшіне енген жоқ. Қор осы жаңа стандарттар мен әлі күшіне енген түсіндірмелердің әсерін бағалауын жалғастырады және бағалау нәтижелері белгілі болған сәтте олардың белгілі немесе негізді түрде айқындалатын салдарлары туралы ақпаратты ашады.

5 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар

Бағалау мен пайымдау экономикалық ахуалдағы соңғы өзгертулерді көрсету мақсатында, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық қаржылық есептілікте жасалған бағалаулармен және пайымдаулармен салыстырғанда қайта қаралды және жаңартылды.

Қызметтің үздіксіздігі

Басшылық осы қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі туралы болжамның негізінде дайындады. Осы пайымдауды қолдануда басшылық Қордың қаржылық жағдайын, ағымдағы ниеттерін, операциялардың табыстылығын және қаржы ресурстарына қолжетімділікті ескерді.

Күтілетін несиелік залалдарды бағалау

Күтілетін несиелік залалдарды бағалау – айтарлықтай бағалау, оны алу үшін 2020 жылғы 31 желтоқсандағы сияқты бағалау әдістемесі мен модельдері пайдаланылады, бірақ 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша жаңартылған бастапқы деректер қолданылады. Мынадай компоненттер несиелік залал бойынша бағалау резервіне елеулі әсер етеді: дефолтты айқындау, несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюы, дефолт ықтималдығы, дефолт тәуекеліне ұшырау және дефолт жағдайында шығын мөлшері, сондай-ақ макроэкономикалық сценарийлер модельдері. Қор күтілетін есепті несиелік залалдар мен несиелер бойынша нақты шығындар арасындағы алшақтықты азайту мақсатында модельдер үшін модельдер мен бастапқы деректерді үнемі тексереді және растайды. Күтілетін несиелік залалдарды бағалау әдіснамасының егжей-тегжейлері 21-ескертпеде ашып көрсетілген.

5 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Қаржы мекемелері үшін Қор тәуелсіз халықаралық рейтингтік агенттіктер берген сыртқы рейтингтер негізінде дефолт ықтималдығын бағалауды айқындайды. Рейтингтік агенттіктердің соңғы бағалаулары коронавирустық пандемияның және экономикалық жағдайдың өзге өзгертулерінің қаржы институттарына әсерін ескереді, сонымен қатар рейтингті анықтау кезінде қаржы институттарының осы факторларға қалай әсер ететінін талдауды қамтиды. Қор өртүрлі халықаралық рейтингтік агенттіктердің рейтингтерін ескереді, сондай-ақ олар берген болжамды (тұрақты/теріс/оң) назарға алады. Қосымша Қор қаржы ұйымдарының қаржылық жай-күйіне, пруденциалдық нормативтердің орындалуына және несиелік портфельдердің сапасына егжей-тегжейлі талдау жүргізеді және ағымдағы экономикалық жағдайдың осы параметрлерге әсерін бағалайды. Күтілетін несиелік залалдарды бағалау туралы ақпарат 21-ескертпеде берілген.

Несиелік сипаттағы міндеттемелер бөлігінде Қор экономикалық жағдайдың өзгеруіне байланысты несиелік тәуекелдің ұлғаюына неғұрлым бейім бизнес салаларын анықтау үшін кепілдіктер портфеліне талдау жүргізді. Есепті күнгі жағдай бойынша мынадай салалар бойынша несиелік тәуекелдің ұлғаюы анықталды:

- Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу;
- Өңдеуші өнеркәсіп;
- Тасу және қоймалау;
- Құрылыс;
- Өзге қызмет түрлерін ұсыну;
- Ауыл, орман және балық шаруашылығы;
- Тұру мен тамақтану бойынша қызметтер көрсету.

Осы салалар бойынша несиелік тәуекелдің ұлғаюына байланысты, Қор несиелік тәуекелдің азаюын және осы кепілдіктерді модельдің бірінші кезеңіне ауыстыруды мойындамас бұрын, құнсыздану моделінің екінші немесе үшінші кезеңіне бұрын ауыстырылған кепілдіктер бойынша қалпына келтірудің неғұрлым ұзақ кезеңін қарайды.

Қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша сезімталдықты талдау

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша дефолт ықтималдығын бағалаудың 10%-ға ұлғаюы немесе азаюы күтілетін несиелік залалдарға бағалау резервінің қорытынды сомасының 883,591 мың теңгеге (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 1,229,144 мың теңгеге) ұлғаюына немесе кемуіне әкеп соқтырар еді.

Несие тәуекелінің айтарлықтай өсуі

Несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаю фактісін анықтау үшін, Қор есепті күнге қаржы құралының қолданылу мерзімі ішінде дефолттың басталу тәуекелін бастапқы мойындау күніне дефолттың басталу тәуекелімен салыстырады. Бағалау процесінде есепті күнгі несиелік тәуекелдің нақты деңгейі емес, несиелік тәуекелдің салыстырмалы ұлғаюы қаралады. Қор бірқатар факторларды, соның ішінде нақты клиенттік портфельдердің мінез-құлық аспектілерін қоса алғанда, шектен тыс шығындар мен күш-жігерсіз қолжетімді болатын барлық негізделген ақпаратты ескереді және болжамды ақпаратты растаймыз. Қор дефолт сәтіне дейін несиелік тәуекелді ұлғайтудың мінез-құлық белгілерін және жеке құрал немесе портфель деңгейінде несиелік тәуекелді бағалауға тиісті болжамды ақпаратты енгізуді айқындайды (21-ескертпе).

Егер қаржы мекемелеріндегі барлық қаражат бойынша күтілетін несиелік залалдар бүкіл мерзім ішінде күтілетін несиелік залалдар ретінде бағаланса (яғни қазіргі сәтте 1-кезеңде тұрғандарды қоса алғанда және 12 айлық күтілетін несиелік залалдар ретінде бағаланса), 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша күтілетін несиелік залал бойынша бағалау резерві 15,382,889 мың теңгеге артық болар еді (2020 жылғы 31 желтоқсан: 10,475,306 мың теңгеге артық).

5 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Бизнес-модельді бағалау

Қаржылық активтер бизнес-модельдің негізінде жіктеледі. Бизнес-модельді бағалауды орындау кезінде басшылық қаржы құралдарының агрегаттау деңгейі мен портфельдерін белгілеу үшін пайымдау қолданды. Сату операцияларын бағалау кезінде Қор олардың жиілігін, өткен кезеңдердегі мерзімдері мен құнын, сату себептері мен келешек сатуға қатысты күтулерін ескереді. Несиелік сапаның нашарлауына байланысты ықтимал шығындарды азайтуға бағытталған сату операциялары «алу үшін ұстап қалу» бизнес-моделіне сәйкес келеді деп саналады. Несиелік тәуекелді басқару жөніндегі шараларға байланысты емес өтеу мерзіміне дейінгі өзге сатулар, олар жеке де, жиынтығында да құны бойынша сирек немесе елеусіз жүзеге асырылатын жағдайда «алу үшін ұстап қалу» бизнес-моделіне сәйкес келеді. Қор сату құнының бизнес-модельге бағалау жүргізлетін портфельдің құнымен портфельдің орташа қолданылу мерзімі ішінде салыстыру арқылы сату операцияларының маңыздылығын бағалайды. Сонымен қатар, стресстік сценарий жағдайында немесе Қор бақыламайтын, қайталанатын және Қор болжай алмайтын жеке оқиғаға байланысты күтілетін қаржы активін сату бизнес-модель мақсатына байланысты емес деп саналады және тиісті қаржы активтерін жіктеуге әсер етпейді.

Бизнес-модель үшін «алу және сату үшін ұстап қалу» және активтердің ақша ағындарын алу үшін ұсталып қалу фактісі және активтерді сату өтімділік қажеттіліктерін басқару, белгілі бір пайыздық табысқа қол жеткізу немесе осы активтер қаржыландырылатын міндеттемелер мерзімімен қаржы активтерінің мерзімін сәйкестендіру сияқты бизнес-модель мақсатына қол жеткізудің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қалдық санат ақша ағындарын, ең алдымен пайда үшін қолданылатын сату арқылы басқарылатын қаржы активтерінің портфельдерін қосады. Бұл бизнес-модель көбінесе шартта қарастырылған ақша ағындарын алуға байланысты болады.

Ақшалай қаражаттың тек борыштың және пайыздардың негізгі сомасы есебіне төлемдерді айқындауға сәйкестігін бағалау (SPPI)

Қаржы активінен түсетін ақша ағындарының тек қана борыш пен пайыздардың негізгі сомасын төлеуді айқындауға сәйкестігін айқындау үшін пайымдауды қолдану қажет.

Қор шарттық ақша ағындарының мерзімін немесе сомасын өзгертетін шарттық талаптарды анықтап, қарады. Ақша ағындары, егер несие шарттары бойынша оны мерзімінен бұрын өтеу мүмкін болса және мерзімінен бұрын өтеу сомасы қарыз сомасы мен есептелген пайыздарды және шартты мерзімінен бұрын бұзғаны үшін негізделген қосымша өтемақыны білдіретін қарыздың және пайыздардың негізгі сомасының есебіне тек төлемдер өлшеміне сәйкес келеді. Актив бойынша борыш сомасы борыш сомасын өтеу есебіне кейінгі төлемдерді, яғни, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен анықталған пайыздарды есептемегенде төлемдерді шегере отырып, бастапқы мойындау кезіндегі әділ құнға тең болады.

Осы ережеден ерекшелік ретінде, стандарт мерзімінен бұрын өтеу элементтері бар құралдарға да жол береді, олар қарыздың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне тек төлемдер критерийлеріне сәйкес келуі үшін мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс: (i) актив сыйлықақымен немесе дисконтпен берілген; (ii) алдын ала төлем сомасы номиналды соманы және шарт бойынша есептелген пайыздарды және шартты мерзімінен бұрын бұзғаны үшін негізделген қосымша өтемақыны білдіреді, және (iii) мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігінің әділ құны бастапқы мойындау сәтінде елеулі болмаған.

Қор стандартта келтірілген мысалдарды қарады және шарттың мәтініне енгізілмеген заңнама негізінде ғана туындайтын сипаттамалар (кейбір елдерде борышты меншікті капиталға айырбастау туралы ережелер сияқты), яғни заңнама өзгерген жағдайда бұл сипаттамалар бұдан былай қолданылмайды, ақша ағындарының борыш пен пайыздардың негізгі сомасы есебіне тек төлемдер критерийлеріне сәйкестігін бағалау кезінде ескерілмеуге тиіс деген қорытындыға келді.

5 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Қаржы активтерін түрлендіру

Қаржы активтері шарт талаптарына сәйкес түрлендірілген кезде (мысалы, оларды қайта қарау нәтижесінде), Қор модификацияның елеулі болып табылатындығын және ол бастапқы активті мойындаудың тоқтатылуына және жаңа активті әділ құны бойынша мойындауға әкеп соғуы тиіс екендігін бағалайды. Бұл бағалау негізінен тиісті есеп саясатында сипатталған сапалық факторларға негізделген және маңызды пайымдауларды қолдануды талап етеді. Атап айтқанда, Қор олар бойынша талаптар қайта қаралған құнсызданған несиелік шарттарды мойындауды тоқтату керек пе және жаңадан танылған несиелерді бастапқы мойындау кезінде құнсызданған деп қарау керек пе деген шешім қабылдау кезінде пайымдауды қолданады. мойындауды тоқтату қажеттілігі туралы шешім осындай түрлендіру нәтижесінде тәуекелдер мен пайдалардың, яғни күтілетін ақша ағындарының (шартта көзделмеген ақша ағындарының емес) өзгере ме екендігіне байланысты болады. Басшылық осындай несиелердің модификациясы нәтижесінде тәуекелдер мен пайдалар өзгермегенін, ал демек, мәні бойынша барлық осындай модификациялар мен несиелерді мойындаудың тоқтауы да, олардың құнсызданған сатыдан қайта сыныпталуы да болмағанын анықтады.

Байланысты тараптармен орындалатын операцияларды бастапқы мойындау

Өзінің әдеттегі қызметі барысында Қор байланысты тараптармен орындалатын операциялар жүргізеді. ҚЕХС (IFRS) 9 сәйкес, қаржы құралдары бастапқыда әділ құн бойынша көрсетілуі тиіс. Мұндай операциялар үшін белсенді нарық болмаған кезде операциялардың нарықтық немесе нарықтық емес пайыздық мөлшерлемелер бойынша жүзеге асырылғанын анықтау үшін кәсіби пайымдаулар пайдаланылады. Өзара байланысты емес Тараптармен орындалатын операциялардың ұқсас түрлеріне баға белгілеу және тиімді пайыздық мөлшерлемені талдау пайымдау үшін негіз болып табылады. Байланысты тараптармен орындалатын операцияларға қатысты шарттар 23-ескертпеде көрсетілген.

Қаржы құралдарын нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы мойындау

Өзінің әдеттегі қызметі барысында Қор үшінші тараптармен, негізінен байланысты тараптармен нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша операциялар жүргізеді. ҚЕХС (IFRS) 9 сәйкес, қаржы құралдары бастапқыда әділ құн бойынша көрсетілуі тиіс еді. Пайымдау үшін негіз болып өзара байланысты емес тараптармен орындалатын операциялардың ұқсас түрлеріне баға белгілеу және тиімді пайыздық мөлшерлемені талдау табылады.

2014-2015 жылдары Қор «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-нан жылдық 0.15%-бен 20 жыл өтеу мерзімімен 200 миллиард теңге мөлшерінде қаражат алды. Қарыз қаражатының әділ құнын бағалау кезінде Қор басшылығы 20 жылға экстраполяцияланған 10 жылдық мемлекеттік облигациялар бойынша табыстылық қисығынан алынған жылдық базистік мөлшерлемені пайдаланды. 2014-2015 жылдары 200 миллиард теңге мөлшерінде алынған қаражат коммерциялық банктерге жылдық 2%-бен, өтеу мерзімі 20 жыл болып толық орналастырылды. Банктерге берілген қарыздардың әділ құнын бағалау кезінде Қор басшылығы әрбір несиелік рейтинг үшін несиелік дефолттық спрэд негізінде әрбір банктің өзіндік несиелік тәуекелдерін пайдаланды. Несиелік дефолттық Спрэд 20 жылға экстраполяцияланған 10 жылдық мемлекеттік облигациялар бойынша табыстылық қисығынан алынған жылдық базистік мөлшерлемеге түзетілді. Тиімді пайыздық мөлшерлемелерді қолдану қаржы құралдарын нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы мойындау кезінде табыстар мен шығындарды мойындауға алып келді.

2019 жылы Қор «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-нан жылдық 0.1%-бен 15 жыл өтеу мерзімімен 16 миллиард теңге мөлшерінде қарыз алды. Қор осы қарызды байланысты тарап алдында бұрын шығарылған облигацияларды өтеу мақсатында алды. Басшылық валюталық тәуекелді, қарыздың өмір сүру мерзімін және Қордың несиелік тәуекелін назарға ала отырып, осы қарыз бойынша нарықтық мөлшерлемені 10.65% деңгейінде есептеді. Бастапқы мойындау күніне Қор әділ құнды 3,623,627 мың теңгеге тең сомада айқындады. Бұл ретте Қор басшылығы БЕХС (IAS 20) және ПКР (SIC) 10-дың барлық талаптарын талдап, операциялық қызметпен белгілі бір өзара байланыс жоқ деген қорытындыға келді. Демек, қарыздың әділ құны мен алынған ақша арасындағы айырмашылық іс жүзінде мемлекеттік субсидия емес, жалғыз акционерден меншікті капиталға жарна болып табылады. Тиісінше, Қор акционерлермен операция ретінде меншікті капитал құрамындағы 9,901,100 мың теңге сомасындағы кейінге қалдырылған салықты ескере отырып, дисконтты мойындады. Осы пайымдауды қолдану кезінде басшылық қаржыландыру шеңберінде бұрын келтірілген шығындарды немесе залалдарды өтеу жөніндегі шарттар немесе өнеркәсіптің қандай да бір нақты секторында немесе өңірде қызметті жалғастыру үшін жағдайлар болған жоқ деп пайымдады.

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай ішінде нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша қарыз алуды мойындау болған жоқ.

5 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)**Шығарылған кепілдіктерді есепке алу**

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары шеңберінде Қор шағын және орта бизнес субъектілеріне несиелік сомасының 85%-на дейін өтейтін кепілдіктер береді. 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша берілген кепілдіктер сомасы 227,896,868 мың теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсан: 151,794,522 мың теңге). Қаржылық кепілдіктер бойынша күтілетін несиелік залалдарды есептеу үшін Қор мерзімі өткен күндер санына негізделген көші-қон матрицаларын пайдалана отырып, дефолт ықтималдығын айқындайды. Көші-қон матрицаларын жасау кезінде Қор Қордың кепілдігін алған қарыз алушылар жұмыс істейтін салаларды ескереді және осы салалар бойынша дефолттың туындау тәуекелдерінің макроэкономикалық көрсеткіштермен корреляциясын жүргізеді. Қор осы талдауды жүргізу кезінде мынадай макроэкономикалық көрсеткіштерді пайдаланады:

- Brent маркалы мұнай бағасы;
- USD / KZT Валюта айырбастау бағамы;
- Инфляция деңгейі;
- Жұмыссыздық деңгейі;
- ЖІӨ өсуі.

2020 жыл ішінде мониторинг барысында Қор қарыз алушылардың COVID-19 пандемиясынан туындаған қаржылық қиындықтарына байланысты көптеген қайта құрылымдауды анықтады, бұл 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күтілетін несиелік шығындарының өсуіне әкелді. 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай ішінде карантиннен кейін шағын және орта бизнес қызметінің қалпына келуіне байланысты, қайта құрылымдау саны азайды. Қайта құрылымдау жиілігінің азаюына қарамастан, Қор күтілетін несиелік залалдардың мөлшерін төмендетпей отыр, өйткені қалпына келтірудің барабар кезеңінің өтуі қажет. 30 маусымдағы жағдай бойынша шағын және орта бизнеске берілген кепілдіктер бойынша күтілетін несиелік залалдардың мөлшері 29,290,307 мың теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсан: 24,443,118 мың теңге).

6 Ақша қаражаты және оның баламалары

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2021 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2020 ж. 31 желтоқсан
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем сатып алу және кері сату шарттары (кері РЕПО)	62,726,118	49,404,567
Талап етілгенге дейінгі банк шотындағы қалдықтар	16,557,411	22,604,007
ҚРҰБ-дағы шоттар бойынша қалдықтар (міндетті резервтерден басқа)	35,419,649	15,143,190
Құнсыздану жағдайына арналған резервті шегергенде	(265)	(498)
Барлық ақша қаражаты және оның баламалары	114,702,913	87,151,266

Талап етілгенге дейінгі банк шотындағы қалдықтар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін субсидиялау үшін алынған қаражатты қамтиды. 11-ескертпені қараңыз.

6 Ақша қаражаты және оның баламалары (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша несиелік сапасы бойынша ақшалай қаражаттың және ақшалай қаражат баламаларын талдау деректері берілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Талап етілгенге дейінгі банк шотындағы қалдықтар	ҚРҰБ-дағы шоттар бойынша қалдықтар	Кері РЕПО	Жиыны
<i>Мерзімі кешіктірілмеген және құнсызданбаған</i>				
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	-	35,419,649	12,731,710	48,151,359
- ВВВ- және ВВВ+ аралығындағы рейтингпен	14,197,754	-	49,994,408	64,192,162
- ВВ- және ВВ+ аралығындағы рейтингпен	793,719	-	-	793,719
- В - және В+ аралығындағы рейтингпен	1,563,218	-	-	1,563,218
- рейтингі жоқ	2,720	-	-	2,720
Бағалау резервіне дейінгі ақша қаражаты және оның баламаларының жиыны (аудиттелмеген)	16,557,411	35,419,649	62,726,118	114,703,178

Кері РЕПО мәмілелерінің несиелік сапасы мәміле бойынша кепілге берілген құнды қағаздардың рейтингін негізге ала отырып айқындалады.

Төмендегі кестеде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік сапасы бойынша ақшалай қаражаттың және ақшалай қаражат баламаларын талдау деректері берілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Талап етілгенге дейінгі банк шотындағы қалдықтар	ҚРҰБ-дағы шоттар бойынша қалдықтар	Кері РЕПО	Жиыны
<i>Мерзімі кешіктірілмеген және құнсызданбаған</i>				
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	-	15,143,190	6,132,441	21,275,631
- ВВВ- және ВВВ+ аралығындағы рейтингпен	384,558	-	43,272,126	43,656,684
- ВВ- және ВВ+ аралығындағы рейтингпен	17,939,300	-	-	17,939,300
- В - және В+ аралығындағы рейтингпен	4,277,655	-	-	4,277,655
- рейтингі жоқ	2,494	-	-	2,494
Бағалау резервіне дейінгі ақша қаражаты және оның баламаларының жиыны	22,604,007	15,143,190	49,404,567	87,151,764

Несиелік рейтинг Standard & Poor's агенттігінің рейтингіне (бұл рейтинг болған жағдайда) немесе Standard & Poor's рейтингтік шкаласы бойынша ең жақын баламалы мәнге дейін айырбасталатын Moody's агенттігінің рейтингіне негізделген.

Рейтингі жоқ ақшалай қаражат шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін субсидиялау үшін алынған және коммерциялық банктерге орналастырылған қаражатты білдіреді. Қор басшылығы 9 ХҚЕС сәйкес құнсыздануға резерв құрды. Байланысты тараптармен орындалатын операциялар бойынша ақпарат 23-ескертпеде берілген.

7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2021 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2020 ж. 31 желтоқсан
Қаржы мекемелеріне берілген несиелер	207,110,718	218,644,971
Исламдық қаржыландыру бағдарламалары шеңберінде берілген несиелер	13,218,883	12,477,188
Банктердегі бастапқы өтеу мерзімі үш айдан астам депозиттер	5,013,507	10,610,427
Несиелердің ұнсыздану жағдайына арналған резервті шегергенде	(12,458,367)	(12,291,444)
Қаржы мекемелеріндегі қаражат жиыны	212,884,741	229,441,142

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржы мекемелеріне берілген несиелер балансының азаюы қаржы мекемелері жүзеге асырған несиелерді жоспарлы және мерзімінен бұрын өтеуден туындаған.

2020 жылдың және 2021 жылдың 6 айы ішінде Қор мен екі исламдық қаржыландыру ұйымы арасында тауарды бөліп-бөліп сату туралы бас келісімдер жасалды. Тауарды сату туралы осы шарттардың талаптарына сәйкес, екінші тарап Қордан тауарды бөліп-бөліп сатып алады. Исламдық қаржыландыру ерекшелігін ескере отырып, бұл операциялар Қордың қаржылық есептілігінде мәні нысаннан басым болатын ҚЕХС тұжырымдамасына сәйкес ескерілген. Қор бұл активтердің шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстап қалу мақсатында есепке алынатынын көрсету үшін, бизнес-модельді бағалауды және «SPPI тестін» өткізді. Осы шарттар бойынша пайда мөлшерлемесі 8.5%-дан 10.5%-ға дейін құрайды.

2021 жылғы 6 ай ішінде Қор бұрын нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелермен несиелер берілген үш банктен ішінара мерзімінен бұрын өтеулер алды және осы банктерге 4,375,005 мың теңге сомасында қарыздарды мойындауды ішінара тоқтатудан түскен табысты мойындады (17-ескертпе).

2020 жыл ішінде Қор осы банктердің мүлкін, құнды қағаздарын және қарыз портфельдерін балансқа қабылдау арқылы екі банктің берешегін өтеуін мойындады мойындады. Мүлік өзге активтер құрамында танылды (9-ескертпе), құнды қағаздар амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ретінде танылды (8-ескертпе), қарыз портфельдерін Қор клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер құрамында мойындады. Жалпы алғанда, осы активтерді балансқа қабылдау арқылы Қор 6,559,637 мың теңге сомасындағы өтеуді мойындады. 2021 жыл ішінде қаржы мекемелерінің берешегін мүлкіті немесе құнды қағаздарды беру арқылы өтеу жүзеге асырылмады.

7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)

Төменде 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржы мекемелеріндегі қаражаттың несиелік сапасы бойынша талдау келтірілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Қаржы мекемелеріне берілген несиелер	Исламдық қаржыландыру бағдарламалары шеңберінде берілген несиелер	Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан астам банктердегі депозиттер	Жиыны
<i>Мерзімі кешіктірілмеген және құнсызданбаған</i>				
Тәуелсіз халықаралық рейтингтік агенттіктердің рейтингтері:				
- BBB- және BBB+ аралығындағы рейтингпен	51,278,053	-	3,890,353	55,168,406
- BB- және BB+ аралығындағы рейтингпен	69,271,672	-	1,123,154	70,394,826
- B - және B+ аралығындағы рейтингпен	78,293,508	-	-	78,293,508
Қорды ішкі бағалау:				
- Жақсы деңгей	4,315,968	13,218,883	-	17,534,851
- Қанағаттанарлық деңгей	3,704,901	-	-	3,704,901
Жиыны мерзімі кешіктірілмеген және құнсызданбаған	206,864,102	13,218,883	5,013,507	225,096,492
<i>Жеке құнсызданған (жалпы сома)</i>				
- төлемді кідіртусіз	202,236	-	-	202,236
- төлемді 30-дан 360 күнге дейін кешіктірумен	3,151	-	-	3,151
- төлемді 360 күннен аса кешіктірумен	41,229	-	-	41,229
